



**«ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ МҰРАСЫ ЖӘНЕ ТҮРКІСТАН»
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ
МАТЕРИАЛДАРЫ**

17-18 қазан, 2019 жыл

**МАТЕРИАЛЫ
МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
«НАСЛЕДИЯ ХОДЖА АХМЕДА ЯСАВИ И ТУРКЕСТАН»**

17-18 октября, 2019 года

**MATERIALS
INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND PRACTICAL CONFERENCE
"HERITAGE OF HODJA AHMET YASSAWI AND TURKESTAN"**

17-18 october, 2019 year

ОТЫРАР ӨңІРІНІҢ КӨНЕ ШЫНЫ ЖӘДІГЕРЛЕРІ

Сонау көне заманнан Отырар жерін мекен еткен тайпалар мен мемлекеттердің ұлы далада қалыптасқан қолөнері мен өзіндік әртүрлі салада еңбек еткен шеберлері болғандығының айқын дәлелі ретінде – археологиялық зерттеулер нәтижесінде табылған көне жәдігерлерді айтуға болады. Олар шыны шеберлерінің қолынан шыққан қайталанбас мәдени мұраларымыз шыны бұйымдар. Ортағасырлық Отырарда шыны дайындау үрдісі ерте заманнан бастау алған. XIII-XV ғғ аралығында шыны өндіретін арнайы шеберханалар салынып, онда өндіретін бұйымдардың көздің жауын алатыны соншалықты, шыны өндірудің биік шыңына жетті десекте болады [1,270 б]. Құмыра, зергерлік, қару-жарақ жасаушылардың, шыны үрлеушілердің, ағашқа, сүйекке, тасқа өрнек салушылардың жасаған бұйымдарына халықтың сұранысы жоғары болған. Отырар қазбалары кезінде табылған саз балшықтан, шыныдан жасалған бұйымдар өндірісі ерекше дамығандығын көрсетеді. Осы мақаламызға арқау болып отырған шыныдан жасалған бұйымдар болып табылады [2,б.76].

Шыны заттар мөлдір шыны, жасыл, көгілдір, сары, қызғылт түсті болып келген. Шыныны ең алғашында әшекейлер мен қымбат бағалы бұйымдар жасауға пайдаланды. Шыны шеберлері күнделікті тұрмыста қолданылатын түрлі өнімдерді ыдыс-аяқ пен, әтір сауыттарын, химиялық ыдыстарды жасады. Шыны бөліктері ыдыс-аяқтың әртүрлі көлемдегі үлгілеріне сай келеді. Санқилы көлемдегі шынылар қалыпқа салып құю және үрлеу тәсілдерімен жасалған. Үрлеу әдісімен жасалатын ыдыс сыртынан жапсырылған қайырмалармен, шыны тіндерімен және жолақтарымен өрнектеледі, кейбірі түрлі-түсті шыны жапсырмалары бар өрнекпен безендіріледі. Шынылардың сапасы орташа, яғни беті жылтыр, ішінде өте ұсақ ауа көпіршігі қалған, қабырға қалыңдығы біркелкі болып келеді.

Байырғы халықтар шыны бұйымдарды кең қолданған. Тұрмысы жақсы тұрғындар біршама әсем және бай әрленген салтанатты шыны ыдыстарды, ал орта ауқатты халықтар шынылардың қарапайым түрлерін пайдаланды [3,б.165]. Шыныдан сапты аяқ, бокал, рюмка, графин, медициналық заттар жасалғаны да байқалады. Сондай-ақ білезік пен жүзік көздері, моншақтар мен басқа да әшекей заттарды жасады. Әшекей бұйымдардың көпшілігінде түрлі-түсті шынылардан көз қондыру арқылы әсемделген. Сырдың орта ағысында орналасқан Отырар өңірі қалаларын, яғни, Күйікмардан, Көк-Мардан, Пұшық-Мардан, Құйрықтөбе, Оқсыз калажұрттары мен Қырқескен қорымына жүргізілген кең ауқымды зерттеу жұмыстарының нәтижесінде Марданкүйік қорымынан бірнеше әшекей бұйымдар табылды, басым бөлігі шыны, ақық, хрусталь, хальцедон сияқты түрлі материалдан жасалған моншақтар. Моншақтар мен басқа да әшекей заттарды жасауда сапасы мен материалы жағынан шыныны, ежелден-ақ кеңінен пайдаланылған. Алыс-жақын шығыс елдерінің орталықтары шыныдан жасалған әшекей бұйымдарын саудаға шығарған [4,б.71-73].

Ең байырғы шыны бұйым б.з.д 35 ғасырда жасалған мөлшері 9x5,5 мм болатын, Фива қаласының маңынан табылған жасыл моншақ. Моншақтар түрлі-түсті шыныдан және фаянсты шыны іспетті заттардан құралған. Бұған дейін халық жанартау жарылғанда түзілетін, найзағай немесе метеориттің соғылуынан пайда болатын табиғи әйнекпен таныс болатын. Ең көп таралған түрі – обсидиан, сілтiсi төмен, алюмосиликатты жанартау әйнегінен жасалған, одан ежелгі адамдар түрлі құралдар дайындаған. Адамзат дамуының кейінгі кезеңінде де обсидиан ұмытылған жоқ, оған мысыр аумағынан табылған обсидианнан жасалған бұйымдар дәлел болады. Ежелде әйнектен жасалған қол өнер бұйымдарын зерттеушілер Мысыр аумағынан және Шығыс Месопатамиядан тауып алған болатын, осыдан әйнек өңдеу орталығы дәл осы жерлерде болған деген тұжырым жасауға болады. Месопатамиялықтардың талғамы мөлдір, түссіз шыныны қаласа, мысырлықтар түрлі-түсті шынылар жасаған. Шыныдан жасалған алғашқы бұйымдар – моншақтар, таяқшалар, жолақтар болды. Әйтсе де, б.з.д XVI ғасырда Месопатамияда шыны құмыралар жасап шығара бастаған, олардың қалдықтарын біздің заманымыздың археологтары тауып алған.

Оңтүстік Қазақстан кешенді археологиялық экспедициясы Отырар мен оның аймағындағы қалашықтарға кең ауқымды қазба жұмыстарын жүргізіп, нәтижесінде шыны бұйымдарының үлкен жиынтығы, X-XII ғасырлар аралығына жататын Құйрық төбе, Отырар төбе, Қоңыр төбе қалашықтарынан табылды. Археологтардың пайымдауынша осы қалашықтарда шыны өндірісі

дамыған. Құйрықтөбе қаласынан жаңадан табылған шыны бұйымдар Қазақстанның ортағасырлық қалаларын зерттеумен байланысты. Археологиялық зерттеулер олардың сауда, ауылшаруашылық, қолөнердегі рөлін анықтады. Қаланың негізгі кәсібі қолөнер болған: ұста, зергер, қышшы, мысшы және т.б. [6.6.161-174]

Қала қолөнерінің ішінде шынымен айналысу үлкен маңызға ие болды. Отырартөбе, Тараз, Құйрықтөбе, Антоновка, Талғар қалаларын қазған кезде түрлі шыны бұйымдардың бөлшектері табылған: құмған, дәрілер мен иіссуларға арналған ыдыстар, химиялық процестерде пайдаланылатын құтылар мен терезе дискілері. Сондайақ шыны өндірісінің типологиясымен, хронологиясымен байланысты баспалары да бар.[7.6.7-20]

1998-2000 жылдары Оңтүстік Қазақстан комплексі археологиялық экспедициясы Құйрықтөбе қаласында қазба жұмыстарын жүргізді. Жұмыс барысында қоқыс және ретирад шұңқырларынан табылған шынылар топтамасы жинақталды. Шыны бұйымдармен бірге алынған керамика, монеталар Х-ХІІІ ғасырға жатады. Шыны бұйымдар қолдану аясы бойынша бірнеше түрге бөлінеді, шаруашылық-тұрмыстық, санитарлы-гигиеналық, парфюмерлі-дәріханалық, химиялық және терезе әйнегі болып бес топқа бөліп қарастыруға болады [8.6.147-152].

Шаруашылық-тұрмыстық ыдыстарға күнделікті тұрмыста қоладанатын саптаяқтар, сусынқұярлар, бокалдар, әртүрлі табақтар яғни дастархан ыдыс-аяқтары кіреді.

Санитарлы-гигиеналық топқа тазалықтың кепілі ретінде жасалған шүмек және түбекті кіргізуге болады.

Парфюмерия – дәріханалық түрге сопақша бүйірлі және цилиндрілі мойынды кішігірім сауытты (флокон) жатқызуға болады. Мұндай флокондар көбіне Отырар мен Құйрықтөбеден табылды [9.6.159].

Химиялық және терезе әйнегі тобына Ортағасырлық химиктердің қолданған ыдыстары кіреді майкүйғыштар, түтікшелер, сұйықтық заттарды сақтауға арналған сфераконустар кездеседі. Сондайақ пішіндері дөңгелек, төртбұрышты болып келген терезе дискілері көбінесе монша, мешіт, медресе сияқты сәулетті құрылыстарға қолданылған [10.6.23].

Отырар қазбасынан жиналған материалдар ішінде әдемі шыны ыдыстар, құмыралар кезігеді олар мерзімі жағынан ХІІ-ХІІІ ғғ қамтиды. Шыны ыдыстар ішінде басым бөлігінің тек түптері мен ернеулері сақталған. Отырарға қымбат бағалы мұражай қорына жинақталған шыны бұйымдар қазбаның шығыс бөлігінен табылған диаметрі 3,5 см жұмыр зат шиша өндірісіне қажетті компонент болуы ықтимал. Мұндай шыны дайындама шариктерді Отырар музейінің қорынан көруге болады (1-сурет). Осындай жұмыр шариктер сырлы ыдыстың шиша тәрізді бөлігін дайындауда ұшырасады.

Қорық мұражай қорындағы әр кездері жинақталған шыны ыдыстардың кейбірінің жасалу тәсіліде ерекше. Графиннің мойын бөлігі ХІ-ХІІ ғасырға жатады. Шыны түсі-көгілдір, биіктігі – 5,2 см, аузының диаметрі – 2,5 см. Мойын бөлігі ғана сақталған (2-сурет). Құйрық төбеден табылған саптыаяқ-бір бүйірі сынған, көгілдір түсті шыны Х-ХІІ ғасырға тән, биіктігі – 9,5 см, ернеуі – 8,5 см, табаны – 8 см (3-сурет). Отырартөбеден табылған ХІ-ХІІғғ тән шыны шүмек ұзындығы – 24,4 см шүмек тесігінің көлемі 2см болып келген, түсі сарғыш (4-сурет). Отырартөбеден табылған ХІ-ХІІ ғғ шыны түбек, түсі сарғыш ауыз қуысы – 7,5 см табаны – 2,9 см құрайды (5-сурет). Шыныдан жасалған ыдыстар көбіне ХІ-ХІІ ғасырларға жатады, яғни Отырардың гүлденген кезіне тән. Археологиялық зерттеулер және ежелгі тарихнамалар бойынша Отырар оазисінде шыны қолөнерінің пайда болған кезі ерте ортағасырлар тұсына сай келеді. Жиналған материалдарға қарап орта ғасырларда халықтың тұрмыс тіршілігінде шыны бұйымдарын кең қолданғанын көруге болады.

Қазіргі тарихи-топографиялық және археологиялық зерттеулер көрсетіп отырғандай, Отырар шыны шеберлерінің жергілікті дамыған қолөнер өндірісінің куәсі. Отырар өңірін зерттеулерде пыққан монографиялармен ғылыми әдебиеттерде, альбом кітаптарда шынылардан жасалған бұйымдар туралы өте аз мәліметтер келтірілген. Шыны жәдігерлер, мұражай қорындағы бірегей әсем жасалған туынды ретінде көрермендердің көзайымына айналуға тиіс.



1-ші сурет

2 ші сурет



3 ші сурет



4 ші сурет



5 ші сурет



ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қожа Мұхтар Бақадырұлы «Ортағасырлық Отырар тарихы» тарихи археологиялық деректер негізінде. Нұр-Сұлтан «Өрнек баспасы» 2019
2. Рысбеков Т.З. Менің Қазақстаным 76 б. Уральск 2007ж
3. Т.Н Сенигова «Средневековый Тараз», издательство «Наука» Казахской ССР, Алма-ата 1972г. С.165
4. Машков М.Г. Два позднесарматских погребения в группе «Четыре брата» на нижнем Дону. //Вопросы древней и средневековой археологии Восточной Европы. М., 1978. С.71-73.
5. <http://www.krugosvet.ru/articles/124/1012413/1012413a3.htm>
<http://n-t.ru/ri/kk/hm06.htm>
<http://www.toprunet.com/article.php?id=5661>
6. Байпаков К.М Средневековая городская культура Южного Казахстана и Семеречья. Алма-Ата, 1985. С. 161-174.
7. Агеева Е.И. Средневековое стекло из Тараза // По следам древних культур Казахстана. Алма-Ата, 1970. С. 7-20.
8. Т.С. Дошанова, Н.Д. Егоркина раскопки мечети X-XI вв. В городе Таразе ее реставрация. Серия общественных наук Национальной Академии наук Республики Казахстан. 2008 №1 с. 147-152
9. Т.С. Дошанова Новые находки стеклянных изделий с городища Куйрык-төбе. Известия. Серия общественных наук 1. 2001 алматы НИЦ «Ғылым». С.159.
10. К.М.Байпаков Құйрықтөбе ежелгі Кедер шаһары алматы, 2005ж 23 бет

<i>Ч.Ж.Умуркулова.</i> Эпос «Манас» – духовная культура кыргызского народа (на примере обычая бракосочетания).....	164
<i>А.С.Муканова.</i> Мемлекет және қоғам қайраткері Иса Тоқтыбаевтың мәдени-ағартушылық қызметі.....	167
<i>Д.С.Арынова.</i> Қарпық батыр.....	169
<i>С.З.Айтбай.</i> Әл-Фараби мұраларының зерттелу мәселелері және Ақжан Әл-машани.....	173
<i>Т.Б.Оразов, А.Бейсенова.</i> Алаштын ардақтысы-Абылай хан.....	176
<i>Б.Қ.Рысбаев.</i> Ұлан даланың ұлы перзенттері.....	181
<i>А.Ү.Мирзабекова.</i> Екінші мыңжылдықтың тұлғасы.....	184

VI. СЕКЦИЯ. ТАРИХИ-МӘДЕНИ ЕСКЕРТКІШТЕРДІ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ МУЗЕЙ ІСІ

<i>М. Елеуов, Д. Талиев, С. Есенов, А. Молдахмет.</i> Ежелгі Күлтөбе қаласы мен Мыңтөбе қорымында 2017-2018 жылдары жүргізілген зерттеу жұмыстары.....	188
<i>Г.И.Темирбаева.</i> Национальный историко-археологический музейный комплекс Сулайман – ТОО.....	194
<i>В.Э.Анарбекова.</i> Историческое значения меморального музея М.В.Фрунзе.....	197
<i>М.Қ.Тұяқбаев</i> Әзірет Сұлтан кесенесінен алып кетілген жәдігерлер.....	200
<i>С.С.Хасенов.</i> Әулие Ырғызбай Досханаұлының өмірдерегі мен мәдени-тарихи кешендері.....	209
<i>Т.Н.Тойбаев, Ж.Құрбанәлі.</i> Мәдени мұраны сақтау және насихаттаудағы қорық-музейдің рөлі.....	213
<i>Н.Әшірбекова.</i> Жәдігерлердегі өрнекті жазбалар.....	217
<i>Н.Әшірбекова, Ж. Л.С.Нуркеева</i> Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі қорында сақталған сұлтан мұрасы.....	219
<i>Г. Қаримолдақызы.</i> Зергердің асыл мұрасы.....	222
<i>Д.Қ. Зікірия, Ж. Құрбанәлі.</i> Заманауи музей ісіндегі даму мен озық тәжірибелер (ҚХР және Түркия Республикасының музей ісіндегі жетістіктері бойынша).....	225
<i>Б.Байболов.</i> Қожа Ахмет Ясауи кесенесіндегі үлкен Ақсарай бөлмесін музейлендіру мәселесі.....	330
<i>К.Асетова.</i> Кесенеге көрік берген есіктер.....	235
<i>Ә.М.Егеубаева.</i> Музей қорындағы археологиялық моншақтардың түрлері мен жасалу жолдары.....	239
<i>А.Үркінбаева, И.Джалшиева.</i> Ұлттық құндылықтарды сақтау мен насихаттаудағы музейдің рөлі.....	242
<i>Т.М.Жолдасов.</i> Темуридтер мемлекетінде күміс ақшалардың салмақ және сынам стандарттары мен олардың беттеріне үстінен қайта шекімелер (надчекан) түсіру үрдісі.....	245
<i>Н.Ермашова.</i> Отырар өңірінің көне шыны жәдігерлері.....	249